

"Қаланы көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазарту Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 14 мамырдағы N 6-7 шешімге өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Семей қалалық мәслихатының 2006 жылғы 23 маусымдағы N 29-8 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Семей қаласының Әділет басқармасында 2006 жылғы 20 шілдеде N 5-2-43 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2008 жылғы 20 маусымдағы N 8/71-IV шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2008.06.20 N 8/71-IV шешімімен.

Қала прокурорының қалалық мәслихаттың "Қаланы көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазарту Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 14 мамырдағы N 6-7 шешіміне 12.05.2006 жылғы N 7-07-199-06 наразылығын "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Конституциясының 39 бабына, Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 65 бабына сәйкес қарастырып, қалалық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қала прокурорының наразылығы қанағаттандырылсын.
2. Қалалық мәслихаттың "Қаланы көркейту, көгалдандыру және санитарлық тазарту Ережелерін бекіту туралы" 2004 жылғы 14 мамырдағы N 6-7 шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:
 - 1) 1 тараудың 1 тармағында "бөлінген территорияның периметрі бойынша қашықтығы 15 метр территория, ал көше жағынан көшенің "қызыл сызығынан" ары емес" деген сөздер "бөлінген территорияның периметрі бойынша қашықтығы 5 метр территория, ал көше жағынан көшенің "қызыл сызығынан" ары емес" деген сөздермен ауыстырылсын;
 - 2) 2 тараудың 2 тармағы 14) тармақшасында "бекітілген территорияда және оған жанама учаскелерде" деген сөздер "оларға бөлінген учаскелерде" деген сөздермен ауыстырылсын;
 - 3) 3 тарау 8 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын "Көшелерді, алаңдарды, аяқжолдарды тазалау кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және жеке тұрғын үй құрылыстарының иелерімен оларға бөлінген территориялар шегінде жүргізіледі";
 - 4) 3 тараудың 16 тармағында "оларға құрылыстан радиусы 15 метр болатын жанама территорияда" деген сөздер "оларға бөлінген территорияларда" деген

с о з д е р м е н

а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Берілген шешім Шығыс Қазақстан облыстық әділет департаменті Семей қаласының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап
з а ң д ы к ү ш і н е е н е д і .

Қалалық мәслихаттың хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК